

ISSN: 1814 - 6961

E-ISSN: 2788-9718

ОТАН ТАРИХЫ

ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛ

Үш айда бір рет шығатын ғылыми журнал
2021, № 2 (94)

2 /2021

Бас редактор

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

Редакциялық алқа

Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қырғыз Мемлекеттік университетінің ректоры (Қырғызстан).

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әбусейітова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының тарихи материалдарды зерттеу жөніндегі республикалық орталығының директоры, ЮНЕСКО-ның «Ғылым және руханият» кафедрасының меңгерушісі (Алматы қ., Қазақстан).

Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекет тарихы институтының директоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Әжіғали Серік Ескендірұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Шығыс елдері архитектурасы Халықаралық академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері (Алматы қ., Қазақстан).

Әлімбай Нұрсан – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры (Алматы қ., Қазақстан).

Жұмағұлов Қалқаман Тұрсынұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Дүниежүзі тарихын зерттеу орталығының» директоры, Геттинген университетінің (Германия) құрметті профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Италияның Болонья Ғылым Академиясының мүше корреспонденті, ҚР Ұлттық музейінің физикалық антропология лабораториясының меңгерушісі (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Кудряченко Андрей Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Украина Ұлттық ғылым академиясының Дүниежүзі тарихы институтының директоры (Украина).

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Қыпшақтану Халықаралық институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық Ұлттық университетінің профессоры (Алматы қ., Қазақстан).

Любичанковский Сергей Валентинович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Орынбор Мемлекеттік Педагогикалық университетінің Ресей тарихы кафедрасының меңгерушісі (РФ)

Мұхтар Әбілсейіт Қапизұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, «Сарайшық» Мемлекеттік тарихи-мәдени қорығының директоры, (Атырау қ., Қазақстан).

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – PhD, Макс Планк атындағы Институт, Цюрих университеті (Швейцария)

Сыдықов Ерлан Бәтташұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры (Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан).

Уяма Томохико – PhD, Хоккайдо университетінің Славян-Еуразиялық зерттеулер орталығының профессоры (Жапония).

Жауапты редактор

Құдайбергенова Айжамал Ибрагимқызы

Ғылыми редактор

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Жауапты хатшы

Мурзаходжаев Қуаныш Мәдиұлы

Техникалық хатшы

Зикирбаева Венера Серікқызы

Главный редактор
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия

Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета имени И. Арабаева (Кыргызстан)

Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова, заведующая кафедрой ЮНЕСКО «Наука и духовность» (г. Алматы, Казахстан)

Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (г. Алматы, Казахстан).

Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства (г. Нур-Султан, Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства, (г. Нур-Султан, Казахстан)

Ажигали Серик Ескендирович – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Международной академии архитектуры стран Востока, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова (г. Алматы, Казахстан)

Жумагулов Калкаман Турсынович – доктор исторических наук, профессор, почетный профессор Гёттингенского университета в Германии, директор Республиканского научно-исследовательского центра по изучению всемирной истории Казахского национального университета имени аль-Фараби (г. Алматы, Казахстан)

Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской АН (Италия), заведующий лабораторией физической антропологии Национального музея РК. (г. Нур-Султан, Казахстан)

Кудряченко Андрей Иванович – доктор исторических наук, профессор, директор Института всемирной истории Национальной академии наук Украины (Украина)

Кумеков Болат Ешмухамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Алматы, Казахстан)

Любичанковский Сергей Валентинович – доктор исторических наук, профессор, заведующий кафедрой истории России Оренбургского государственного педагогического университета (Россия)

Мухтар Абилсейит Капизулы – доктор исторических наук, профессор, директор Государственного историко-культурного музея-заповедника «Сарайшық» (г. Атырау, Казахстан)

Петер Финке (Dr. Peter Finke) – доктор PhD, Институт Макса Планка, университет Цюриха (Швейцария)

Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)

Уяма Томохико – PhD, профессор Центра славянско-евразийских исследований Университета Хоккайдо (Япония)

Ответственный редактор
Кудайбергенова Айжамал Ибрагимовна

Научный редактор
Козыбаева Махаббат Маликовна

Ответственный секретарь
Мурзаходжаев Куаныш Мадиевич

Технический секретарь
Зикирбаева Венера Сериковна

Chief editor

Kabuldinov Ziyabek Yermukhanovich

Members of editorial board

Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – doctor of historical sciences, professor. Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Bishkek, Kyrgyzstan)

Abuseitova Meruert Huatovna – doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of National Academy of Science Republic of Kazakhstan, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials of the Institute of Oriental Studies named after R.B. Suleimenov, Head of the UNESCO Department “Science and Spirituality” (Almaty, Kazakhstan)

Alimbay Nursan – candidate of historical sciences, professor; Director of the State Museum Republic of Kazakhstan (Almaty, Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholyuly – doctor of historical sciences, professor, director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich – doctor of historical sciences, professor, deputy director at Institute of history of the state (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Azhigali Serik Eskendirovich – doctor of historical sciences, professor, corresponding member of eastern countries international academy of architecture, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Almaty, Kazakhstan)

Zhumagulov Kalkaman Tursunovich – doctor of historical sciences, academician, professor at Al-Farabi Kazakh National University. Director of the Research Center on World History Studies. Emeritus Professor of German Gottingen University (Almaty, Kazakhstan)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, professor, academician of the National Academy of Sciences of the Kazakhstan Republic, member-correspondent of Bologna Academy of Sciences (Italy), head of the laboratory of Physical Anthropology of the National museum of Kazakhstan Republic. (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Kudriachenko Andrey Ivanovich – doctor of historical sciences, professor, director of Institute of World History of the National Academy of Sciences of Ukraine (Kiev, Ukraina)

Kumekov Bolat Yeshmukhameduly – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan, director at International Institute of Kipchak Studies, Al-Farabi Kazakh National University (Almaty, Kazakhstan)

Sergey V. Lyubichankovskiy – doctor of historical sciences, professor, Head of the Department of Russian History, Orenburg State Pedagogical University (Russia)

Muktar Abilsseit Kapizuly – doctor of historical sciences, professor, director of the State Historical and Cultural Museum-Reserve “Sarayshyk” in Atyrau (Atyrau, Kazakhstan)

Peter Finke – PhD, Max Planck Institute, University of Zurich (Switzerland)

Sydykov Yerlan Battashevich – doctor of historical sciences, professor, National Academy of Science Republic of Kazakhstan. Rector of the L.N. Gumilev Eurasian National University (Nur-Sultan, Kazakhstan)

Uyama Tomohiko – PhD, professor at Slavic Research Center, Hokkaido University (Japan)

Executive Editor

Kudaibergenova Aizhamal Ibragimovna

Executive Secretary

Murzakhodzhayev Kuanysh Madievich

Scientific Editor

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Technical secretary

Zikirbayeva Venera Serikovna

Редакцияның мекен-жайы:

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ., Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Отан тарихы» журналының редакциясы

Телефон: +7 (727) 272-46-54

E-mail: Otanhistory@gmail.com

Электрондық мекен-жай:

<http://infohistory.info>

Журнал 1998 жылдан бастап шығады.

Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінде

1998 ж. 9 наурызда тіркеліп, N 158-ж куәлігіне ие болды.

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY

FTAMP 03.20.00

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_5

ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ
ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ

Имангалиев Алмас^{1*}, Дүкенбаева Задаш¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ.

*Автор-корреспондент

E-mail: imangaliyev_historian@mail.ru (Имангалиев), dukenbaevazo@mail.ru (Дүкенбаева)

Түйіндеме. Қазақстан мен Орта Азияға шығыстың дана ойшылы әл-Фараби есімімен тұңғыш қауыштырған фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани Отандық ғылымда ғана емес, әлемдік деңгейде бірегей орны бар тұлға. Ол ХХ ғасырдың 50-жылдарынан бастап әл-Фараби тұлғасы мен оның шығармашылық мұрасынан хабар беретін деректік құжаттар мен әдебиеттерді іздеді. Нәтижесінде, Ақжан әл-Машани әл-Фарабидің өмірінен ақпарат беретін Ибн Хаукалдың «Китаб ал-масалик уа ал-Мамалик», М. Қашқаридің «Диуани лұғати ат-түрк», Ибн Халликанның «Уафийятул а'ийянва-анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») және т.б. ортағасырлық ғалымдардың еңбектерінен тапты. Осылардың ішінде, Ақжан әл-Машанидың «Әл-Фараби және музыка», «Әл-Фараби және Абай» атты еңбектерінде ортағасырлық биограф Ибн Халликанның есімі мен оның мұрасы туралы тың ақпараттар өрбіледі. Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани атап өткен Ибн Халликанның «Уафийятул а'ийянва-анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») атты бірегей мұраның екі томы Нұр-Сұлтан қаласындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қорында сақтаулы.

Мақалада Ибн Халликанның еңбегі мен Ақжан әл-Машанидің мұраларындағы әл-Фараби тұлғасы бойынша салыстырмалы талдау көрініс табады.

Кілт сөздер: Ибн Халликан, әл-Фараби, фарабитанушы, Ақжан әл-Машани, сирек кітап.

МРНТИ 03.20.00

АЛЬ-ФАРАБИ В ТРУДАХ ИБН ХАЛЛИКАНА И АҚЖАНА АЛЬ-МАШАНИ

Имангалиев Алмас^{1*}, Дүкенбаева Задаш¹

¹Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева,
г. Нур-Султан, Казахстан.

*Автор-корреспондент

E-mail адреса: imangaliyev_historian@mail.ru (Имангалиев), dukenbaevazo@mail.ru (Дүкенбаева)

Аннотация. Ученый-фарабиевед Ақжан аль-Машани, который впервые провозгласил в Казахстане и Средней Азии имя аль-Фараби-мудрого мыслителя Востока, занимает уникальное место не только в отечественной науке, но и в мировой. С 50-х годов ХХ века он искал документы и литературу, раскрывающие личность аль-Фараби и его творческом наследии. В результате Ақжаналь-Машани нашел «Китаб ал-масаликуаал-Мамалик» Ибн Хаукала, «Диванилукатиат-Турк» М. Кашқари, «Уафийятула'ийянва-анба'абна' аз-заман» Ибн Халликана («сообщения о некрологах известных личностей и их современниках») и др. Среди них в работах Ақжана аль-Машани «аль-Фараби и музыка», «аль-Фараби

и Абай» рассказывается о средневековом биографе Ибн Халликана и его наследии. Два тома уникального наследия Ибн Халликана «Уафийятула'иянва-анба'абна' аз-заман» («Некрологи знатных лиц и заметки об их современниках»), отмеченные первым ученым-фарабиеведом Акжаном аль-Машани, хранятся в фондах Национального центра рукописей и редких книг г. Нур-Султан.

В статье проведен сравнительный анализ личности аль-Фараби в трудах Ибн Халликана и Акжана аль-Машани.

Ключевые слова. Ибн Халликан, аль-Фараби, фарабиевед, Акжан аль-Машани, редкая книга.

IRSTI 03.20.00

AL-FARABI IN IBN KHALLIKAN AND AKZHAN AL-MASHANI WORKS

Imangaliyev Almas^{1*}, Dukenbaeva Zadash¹

¹Eurasian National university L.N. Gumilyov, Nur-Sultan, Kazakhstan.

*Corresponding author

E-mail: imangaliyev_historian@mail.ru (Imangaliyev), dukenbaevazo@mail.ru (Dukenbaeva)

Abstract. The Farabi scholar Akzhan al-Mashani, who proclaimed in Kazakhstan and Central Asia the name al-Farabi for the first time, the wise thinker of the East, occupies a unique place not only in science, but also in the world. Since the 50s of the XX century, he has been looking for documents and literature revealing the identity of al-Farabi and his creative heritage. As a result, Akzhan al-Mashani found «Kitab al-masalik wa al-Mamalik» Ibn Haukal, «Divani lukati at-Turk» M. Kashkari, «Waafiyatul a' iyanwa-anba'abna 'al-zaman» Ibn Khallikan («Deaths of Eminent Men and History of the Sons of the Epoch») and others. Main of Akzhan al-Mashani's works «al-Farabi and music», «al-Farabi and Abai» tells about the medieval biographer Ibn Khallikan and his legacy. Two volumes of the unique heritage of Ibn Khallikan «Waafiyatul a' iyanwa-anba'abna 'al-zaman» («Deaths of Eminent Men and History of the Sons of the Epoch»), noted by the first Farabi scholar Akzhan al-Mashani, are kept in the funds of the National Center of Manuscripts and rare books of Nur-Sultan.

The article considers a comparative analysis of the personality of al-Farabi in the writings of Ibn Khallikan and Akzhan al-Mashani.

Key words: Ibn Khallikan, al-Farabi, farabiologist, Akzhan al-Mashani, a rare book.

Кіріспе. Шығыстың дара да дана ойшылы, Аристотельден кейінгі «мұғалим сәни» екінші ұстаз Әбу Нәсір әл-Фарабидің Отандық және әлемік ғылымда алатын орны айрықша. Себебі, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани «Әл-Фараби көпірі» атты еңбегінің бірінші томында атап көрсеткендей, әл-Фараби Евклидтің, Архимедтің, Птолемейдің тағы да басқа ойшылдарының ілімдерін одан әрі дамытып, оптика, акустика, архитектура, музыка салаларымен байланыстыра зерттеді (Машани, 2005:58). Осылайша, ғылымның жан-жақта салаларын сабақтастыра зерттеуі арқылы көптеген еңбектер қатарын дүниеге әкеліп, өмірдің шындығына жетуді өзіне мақсат тұтты. Бұл туралы Ақжан әл-Машани 1994 жылы «Зерде» ғылыми-көпшілік журналының №5 нөмерінде жарық көрген «Шындық іздеген заман жетті» атты сұхбатында келесідей атап өтеді: «Әл-Фарабидің ұзақ ғұмырындағы іздегені – өмірдің шындығы, мәңгілік рухтың сыры. Шындық іздеген адам адаспайды, азбайды. Сол себептен мен талапты жастарға Әл -Фараби бабаңнан шындық іздеу әдісін үйрен дер едім. Тегінде адам өмірінің мазмұны сол шындықта. Шындық жоқ жерде тұрақтылық, әділет, уағда, инабат, махаббат, қанағат, рахымдық, ар-ұятпен елдес адамгершілік категориялары жоқтың қасы» (Машанов, 1994:2).

XX ғасырдың 40-жылдарынан бастап Әбу Нәсір әл-Фараби есімі Қазақстан мен Орта Азияда қайта жаңғыра бастады. Бұл ғылым үдерісіне мұрындық болған, әл-Фараби есімі мен мұрасын тұңғыш зерттеушісі Ақжан әл-Машани еді. Ғалым бастамасымен Фараби мұралары елге оралып, арнайы фарабитану тобы құрылды. Осылайша, XX ғасырда Ақжан әл-Машани негізін қалаған Қазақстан мен Орта Азияда фарабитану

ғылымы және оның мектебі қалыптасып, жаңа зерттеулер қатары пайда болды.

Осы орайда, академик Герой Жолтаевтың естелігін мысалға келтіретін болсақ, «Иә, XX ғасырдың кереметі көп. Осының бәрі таң қалып, тамсанғаннан адамзаттың басы айналып тұрғандай сезіледі кейде маған. Сондай дейміз-ау, бұл құдіретті жасап жатқан кім және не? Иә, ол – ғалым мен ғылым құдіреті. Абай ақын айтпай ма «Алланың бір аты – ғылым!» деп. Сол Алланың бұйрығымен болар ғалымдықтың жүгін көтеріп, ғылымның жолын қуып, артында өз сөзі мен ісін қалдырған құрметті азаматтар біздің халқымызда аз емес. Шоқ жұлдыздар – Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Ақжан Машанов, Шапық Шөкин, Ермұқан Бекмаханов, Ебіней Бөкетов (Оразалықызы, 2012:132). Аталмыш тұлғалар арасынан ғылым штурманы Ақжан әл-Машани Отан және әлем тарихында өз ізін қалдырып, Қазақстан мен Орта Азияда фарабитанудың негізін қалаған ғалым болып тарихқа енді.

XX ғасырдың 50-жылдарынан бастап тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ортағасыр ойшылы әл-Фараби туралы материалдарды жинау үдерісін күшейте бастады. Нәтижесінде, Ақжан әл-Машанидің қолжазбалары бар «Әл-Фараби және музыка» атты кітабының 16-томында әл-Фараби өмірбаянын жазуда көптеген ортағасыр ғалымдардың еңбектерін пайдаланды. Атап айтатын болсақ, Ибн Хаукалдың «Китаб ал-масалик уа ал-Мамалик» («Саяхаттар және елдер»), Махмұт Қашқаридің «Диуани лұғати ат-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі»), Абыл Қасым Ибн Сайд Ахмед Бин Қартабидің «Табақат аль-Хүкма» («Даналар санаты»), Ибн Халликанның «Уафийятул а'ийянва-анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») (Әл-Машани, 2010:22-25). Осылардың ішінде, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани өз еңбегінде атап өткен ортағасыр ойшылы Ибн Халликанның кітабына тоқталуды жөн санадық. Себебі, бұл құнды мұраның бірінші (Халликан I том, 1892) және екінші (Халликан II том, 1892) томдарының көшірмесі Нұр-Сұлтан қаласындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының сирек қорында сақтаулы.

Осылайша, ортағасырлық ойшыл Ибн Халликан мен тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың еңбектеріндегі Әбу Нәсір әл-Фараби туралы тың ақпараттарды өрбітіп салыстырмалы талдауды жасайды.

Материалдар мен әдістер. Бұл мақала Нұр-Сұлтан қаласындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қорындағы Ибн Халликанның бірінші (Халликан I том, 1892) және екінші (Халликан II том, 1892) томдары, Ақжан әл-Машанидің қолжазбалары жиналған 16 томдық кітаптардан, Алматы қаласындағы Қазақстан Ғылым Академиясының мұрағатындағы 98-қорының 195-ші (ҚР ҰҒАА, 195), 200-ші іс-құжаттарынан (ҚР ҰҒАА, 200) және 2-қорының 1-ші деректік құжатынан (ҚР ҰҒАА, 1), Ғылым Ордасы «Орталық Ғылыми кітапхананың» сирек қорынан алынған қолжазбасынан (ҒО ОҒК, 1962) және Ақжан әл-Машани ізімен барған ізденушінің ғылыми экспедициясынан алынған материалдардан тұрады.

Мақалада деректерді ғылыми сараптау және синтез әдістері қолданылды.

Талқылау. Нұр-Сұлтан қаласындағы Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының қорында ежелгі дәуірден қазіргі күнге дейінгі Отандық және әлемдік тарихтың терең сырына үңілуге мүмкіндік беретін бірнеше сирек мұралар қатары бар.



Сурет 1. Ибн Халликан. Уафийятул а'ийянва-анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») еңбегінің екі томы

Солардың бірі ретінде, ортағасырлық ғалым Ибн Халликанның «Уафийятул а'ийянванба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») атты құнды кітапты ерекше атауымызға болады. Осы ретте, ортағасыр ойшылы Ибн Халликан және кітабы туралы тоқталып өтетін боламыз.

Ең алдымен, Ибн Халликанның қысқаша өмірбаянынан атап көрсетсек, Ф.А. Брокгауз және И.А. Ефрон атты энциклопедиясында бірқатар ақпараттар ұсынылады. Ол 1211-1282 жылдары аралығында өмір сүрген және Бармекид парсыларынан және Арбелах (қазіргі Ирак мемлекетінің Эрбиль қаласы) жерінен шыққан ортағасырлық ғұлама. Шын есімі – Қазі Шамсидин Аби аль-Аббас Ахмад бин Мұхаммед аль-Маруф Ибн Халликан аль-Бармакани аль-Арбали деп көрсетіледі (Брокгауз, Ефрон, 1894:743) Ақжан әл-Машанидың қолжазбалар мұрасы жинақталған «Әл-Фараби және музыка» атты томдықтың 16-кітабында (Әл-Машани, 2010:24). Ибн Халликан араб тілін жетік біліп, әдебиет, тарих және құқық салаларын терең меңгерді. Ол Мысыр елінің Каир қаласында Жоғарғы сот «қадия»-ның көмекшісі, кейіннен, 1261 жылы Бейбарыс Сұлтанның тағайындалуымен Дамаскі қаласында жоғарғы қадий қызметінде болды (Брокгауз, Ефрон, 1894:743).

Ортағасырлық жазушы Ибн Халликан «Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар» атты кітабын 1256 жылы жазуды бастап 1274 жылы аяқтады. Ибн Халликанның қаламынан туындаған аталмыш еңбек «тараджим» ғылымының жанрына жатады. Яғни, «тараджим» дегеніміз – белгілі тұлғалардың, теолог-ғалымдардың, дәрігерлердің, ақындардың, философтардың, билеушілер мен әскербасшылардың өмірбаянын сипаттайтын ғылым.


1997 жылы жарық көрген «Неизвестные страницы отечественного востоковедения» атты кітапта ортағасырлық араб филологы Ибн Халликанның аталмыш еңбегінің аударылуы туралы ақпараттар берілген. Атап айтатын болсақ, бұл еңбектің ең алғаш араб тілінен неміс тіліне аударған Ф. Вюстенфельд (1808-1889). Еңбек атауы: «Ibn Chalicani Vitae illustrium virorum». Ed. F. Westefeld. I-XIII. Gottingae, 1835-1850. Ал ағылшын тіліне аударған ағылшын арабисті Де Слэн (1801-1878). Еңбек атауы: «Ibn Khallican's Biographical Dictionary». Trans. By Mac Guckin de Slane. Vol. 1-4. P., 1842-1871 (Восточная литература, 1997:348).

Сондай-ақ, Ғылым Ордасы «Орталық Ғылыми кітапхана» қорында Әл-Фараби және оның замандастары туралы еңбектер қатары жинақталған. Американ ғалымы Николас Решердің 1962 жылы Питсбург университетінің баспасымен жарық көрген «Al-Farabi. An Annotated Bibliography» атты каталогының алар орны ерекше. Бұл каталогтың 26-шы бетінде Ибн Халликанның атақты еңбегінің Каир қаласында 2 томы, Хайдарабад пен Геттинген шаһарларында 3 томы және Лондон мен Парижде 4 томы жарық көргендігі туралы ақпарат берілген (Rescher, 1962:26).

Ибн Халликан және оның еңбегіндегі әл-Фараби туралы құнды деректер қалдырған, Қазақстан мен Орта Азияға әл-Фараби есімін жаңғыртқан тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани өмірбаяны ғылыми қызметі туралы деректер қатары 2-корда (ҚР ҰҒАА, 1), ал Қазақстан Ұлттық Ғылым Академиясының архивінің 98-ші қорының 195-ші (ҚР ҰҒАА, 195), 200-ші (ҚР ҰҒАА, 200) деректік құжаттарында Ақжан әл-Машанидың Фарабитану бөлімінде атқарған ғылыми қызметтері туралы мәліметтер бар.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының 2-ші қорында сақталынған деректерге сүйенетін болсақ, Ақжан әл-Машани 1906 жылы Қарағанды облысы Қарқаралы ауданында орта шаруа отбасында дүниеге келді. 1920-1924 жылдары аралығында туған жеріндегі ауыл мектебінде білім алып, 1924-1929 жылдары Қарқаралы педагогикалық техникумында өз білімін жалғастырды. 1929-1933 жылдары аралығында Қарқаралы, Абыралы, Семей өңірлерінде мұғалімдік қызметті атқарды. 1933-1934 жылдары Семей өңірінде орналасқан Тау-кен металлургия институтында, кейін Алматы шаһарында білімін алды. Алматыдағы Тау-кен металлургия институтын үздік тәмамдағаннан кейін 1939-1942 жылдары «маркшейдер» мамандығы бойынша аспирантураға түсіп білімін жалғастырды. 1944 жылы Ақжан әл-Машани Мәскеу қаласында геология ғылымы бойынша кандидаттық және (ҚР ҰҒАА, 1:11) докторлық диссертациясын қорғады. Нәтижесінде, ғылымдағы қажырлы еңбегінің арқасында Ақжан әл-Машани 1939-1950 жылдары аралығында Қазақ КСР Ғылым Академиясы Геология Ғылымдар институтында қызмет атқарды. Бұл туралы ҚР ҰҒА Архивінің 2-ші қорындағы деректер дәлелдей түсіреді.

Кейін, ҚР Ұлттық Ғылым Академиясының мұрағатының қорындағы деректерге сүйенетін болсақ, Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің №437 Қаулысымен 76 ғылым докторы мен ғылым қайраткерлері Қазақ КСР Ғылым Академиясының тұрақты мүшелері атанды.



Сурет 2. Ақжан әл-Машанидың өмірбаяндық құжаты (ҚР ҰҒАА, 1:8)

Сурет 3. Геология ғылымдар институтында жұмыс жасаған құжаты (ҚР ҰҒАА, 1:5)

Солардың ішінде, геология-минерология ғылымдарының докторы Ақжан Жақсыбекұлы әл-Машани жаңадан шаңырақ көтерген Ұлттық Ғылым Академиясының жер ғылымы бөлімшесінің корреспонденті атанды. Нәтижесінде, Ақжан әл-Машани жер ғылымы бойынша көптеген еңбектерді қалдырды (ҚР ҰҒАА, 1:14). Атап айтатын болсақ, «Как образовались горы» (ҚР ҰҒАА, 1:17), «Механика массивы горных пород» (1961) (ҚР ҰҒАА, 1:18), «Кристаллография, минерология и петрография» (1969), (ҚР ҰҒАА, 1:18) және Шахов Ф.Н. «Металлургия меди» (1940), Пальгов Н.Н. «Очерки и картины Казахстана» (1948), Обручев В.А. «Оновы геологии» (1950), Мушкетов И.В. «Краткий курс общей геологии» кітаптарды ана тілге аударып, қазақ оқырмандарына қолжетімді жасады (ҚР ҰҒАА, 1:25). Осылайша, ғарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани табиғат, жер ғылымдары арқылы дүниенің шындығына жетуге ұмтылды. Мәселен, ғарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың ақын Абайдың «Желсіз түнде жарық-ай» атты өлеңін талдағанынан байқауымызға болады: «Түскен жарық пен оның зат бетінен көрінген сәулесі арасында терең мағына жатыр. Күн жарық беруші болғанда оның Ай бетінен шағылысып шыққан түрі айналық жарық яғни сәуле. Оны Нұр мағынасында алып, Ай ғаламның Нұр сәуле айнасы деуге болады» (Әл-Машани, 2010:96). Осылайша, ғарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ең алдымен, жер ғылымы, Абай мұралары арқылы Әбу Нәсір әл-Фарабиді және еңбектерін зерттеп- дүниенің шындық дәрежесіне жетуді мақсат тұтты. Мәселен, тұңғыш ғарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани қазақ халқының бас ақыны Абайдың «Өмірдің өзі шындық» атты қағидасының терең мағынасын көрсете келе, ол бүкіл табиғат дүниесі, ол біздің өмірге келген ұямыз және мекеніміз болып табылады. Екіншіден, ол сол табиғат дүниесінің бір мүшесі, сол табиғатты тани алатын ерекше саналы адамзат. Осы екі дүниенің бірінсіз-бір өмір жоқ. Екеуінің арасында сәйкестік, жарастық, көрікті көрініс болатын болса, өмірдің шындығы осында деп атап көрсеткен болатын (Машани, 2005:23). Ал жер ғылымы бойынша Ақжан әл-Машани дүниенің шындығына жетуде келесідей негіздемелер арқылы түсіндіреді. Менделеев кестесінде 109 элемен бар. Соның жеті элементі (Темір (26), Мыс (29), Күміс (47), Қалайы (50), Алтын (79), Сынап (80), Қорғасын (82)) кең таралған. Осы элементтердің периодтық жүйедегі сандарын қоссақ, мәні 393 шығады. Енді осы 393 санын екі еселесек, 786 болады. Бұл 786 саны Бас бастаның, (бисмилляхи-р-рахмани-р-рахим) АБЖД ғылымы бойынша есептегенді мәні. Осы орайда, тұңғыш ғарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың көрсетуі бойынша бұл ғажап құбылыс екендігін атап көрсетеді (Әл-Машани, 2011:34). Осылайша, ғарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани өмірдің шындығына жетудегі талпынысы үлкен ғылым саласына пайда болуына әкелді.

Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың негізін қалаған ғылым саласы фарабитану еді. Ең алдымен, ол әл-Фараби есімін 1943 жылы Алматыдағы Қазақ КСР Ғылым Академиясына Чехословакиядан келген математика ғылымының тарихын жақсы білетін, ғалым Э.Я. Кольман келіп, Орта Азия мен Қазақстан ғалымдарының орта ғасырлардағы қосқан үлесі туралы баяндама оқыды. Баяндамада әл-Хорезми, әл-Фараби, әл-Жаухари, әл-Беруни, Ибн Сина, Абул Вафи, әл-Фергани, Омар Хайям, ат-Туси, әл-Хазин секілді ғалымдардың есімдері аталып, солардың ішінде Ақжан әл-Машани әл-Фараби есіміне ерекше назар аударады (Машанов, 1994:12). Осы кезеңнен бастап, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ортағасыр ойшыл-ғұлама Әбу Нәсір әл-Фараби есімін және мұрасын зерттеу-зерделеу ісін бастады. Фарабитанушы-ғалымның ғылымдағы еңбегінің арқасында Қазақ КСР Ғылым Академиясының «Философия және құқық» институтында «Фарабитану» бөлімі құрылды (Абдраман, 2006:236). Аталмыш бөлімде ғалым Ақжан әл-Машани фарабитану бойынша ғылыми зерттеулерге тікелей басшылық жасады. Оған дәлел ретінде ҚР Ұлттық Ғылым Академиясы мұрағатының 98-қорында сақталған құжаттар қатары дәлелдейді. Мәселен, ҚР ҰҒА мұрағатының 98-қорының 195-ші іс-құжатында Ақжан әл-Машанидың шығыстың дара да дана ойшылы әл-Фараби мұрасын зерттеу бойынша басшылық жасағандығы жөнінде тарихи деректер көрсетеді:

«ПРИКАЗ
по Институту философии и права АН КазССР
№51

г. Алма-ата

22 апреля 1968 г.

Члена-корреспондента Академии наук Казахской ССР тов. Машанова А.Ж. зачислить на должность старшего научного сотрудника по отделу истории философии на полставки начиная с 25 апреля с.г. Член-корреспондент АН КазССР Машанов А.Ж. назначается руководителем проблемной группы по изучению наследия аль-Фараби. Установить оклад 125 руб. в месяц.

Основание: Решение Президиума АН Каз ССР от.

Директор Института

Филсофии и права АН КазССР

(колы)

С.З. Зиманов (ҚР ҰҒАА,195:60)

Сонымен қатар, Академия мұрағатының қорындағы 98-қор, 200-іс құжатында «Протоколы заседаний Ученого Совета Института за 1968 года» атты папкасында келесідей құжаттар сөйлейді:

«Тема: «Изучение творчество аль-Фараби (1968-1970)»

Руководитель – член.-корр. АН КазССР А. Машанов.

Исполнители: А. Кубесов, Ошеревич Б.Я., Харенко Е.Д.

В отчетному году осуществлены переводы следующих трактатов мыслителя:

- 1) Трактат о вакууме (с арабского и европейского языка).
- 2) О единстве взглядов Аристотеля и Платона (с арабского и немецкого).
- 3) Классификация наук (с арабского).
- 4) Афоризмы государственного деятеля(с английского).

Проведена большая работа по научному редактированию переводов и сбору материалов для юбилейного сборника» (ҚР ҰҒАА, 200:24).

Нәтижесінде, Ақжан әл-Машанидің фарабитану ғылымы бойынша қаламынан ғылыми еңбектер дүниеге келіп, бүгінгі күнге дейін аталмыш еңбектерді зерттеп-зерделеу өз жалғасын табууда.

Нәтижелері. Әбу Нәсір әл-Фараби туралы кеңінен ақпарат берген ортағасырлық жазушы Ибн Халликанның «Уафийятул а'ийян-ва-анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») атты еңбегіне сипаттама беретін болсақ, 1892 жылы қазан айында «Майманийя» баспасында Каир қаласында жарық көрді. Екі томдық еңбек насх каллиграфиясында жазылған және 951 парақтан тұрады. Кітап өлшемі 19x27 см. Құнды мұрада ғалым-ойшылдардың есімдері мен олардың автобиографиялары көрсетілген.

Ұлттық орталық қорындағы аталмыш кітап екі томнан тұрады. Кітаптың бірінші томы толық емес, парақ саны – 488. Жалпы парақ саны – 527. Сирек мұраның алғашқы

6 парағында ғұламалардың есімдері алфавиттік реттілікпен негізгі және қосымша болып берілген. Кітаптың екінші томында есімдер саны – 1133. Атап айтатын болсақ, Ханбали мазхабының негізін қалаушы Ахмад Ибн Ханбаль (VIII-IX ғ.ғ.), ортағасырлық белгілі сопы Ибрахим ибн Адхәм (VIII ғ.), ислам құқықтанушысы Әбу Бәкр Бәй Хақи (XI ғ.), тарихшы-ғалым, «Бағдад тарихы» атты кітабының авторы Хаги Бағдади, араб тілі, грамматика бойынша еңбектер жазған белгілі ғалым Сә'ләб Нахви (IX-X ғғ.) (Халликан I том, 1892).



Суреттер 4-5. Ибн Халликан кітабының I томы (Халликан I том, 1892)

Ал, кітаптың екінші томының парақ саны – 424. Сирек мұраның алғашқы төрт бетінде 369 ортағасыр ойшылдар есімдерінің тізімі алфавиттік реттілікпен берілген. Ортағасырлық ғұлама-ойшылдардың ішінде Селжұқ шахы Алб Арслан Селжуки (XI ғ.), Шығыстың дана ойшылы Әбу Нәсір әл-Фараби (IX-X ғғ.), энциклопедист-ғалым, дәрігер Әбу Бәкр Рази (IX-X ғғ.), Қасиетті Құран түсіндірмесін жасаушы, философ, филолог-ғалым Махмуд Замахраши (XI-XII ғғ.) және т.б. атап өтуімізге болады (Халликан II том, 1892).



Суреттер 6-7. Ибн Халликан кітабының II томы (Халликан II том, 1892)

Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығының бас сарапшысы, шығыстанушы-ғалым Абсаликов Алмат Амантайұлының көрсетуі бойынша кітаптың бірінші томының 76-78 беттерінде өз заманының көрнекті ойшылы Әбу Нәсір әл-Фараби туралы ақпарат берілген. Бұл туралы автор Ибн Халликан келесідей көрсетеді: «Әбу Нәсір Мұхаммед ибн Тархан ибн Уздағ Фараби ат-түрк белгілі ортағасырлық философы және данышпаны. Ол өз заманында біртуар мұсылман философтарының бірі болды. Әл-Фараби логика, музыка және де өзге ғылым салалары бойынша жарық көрген еңбектердің авторы. Ибн Сина әл-Фарабидің еңбектерімен таныс болып, көптеген пайдалы ақпараттарды өзіне түртіп алды» (Халликан I том, 1892).

Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің қолжазбалары жинақталған «Әл-Фараби көпірі» атты еңбегінің I-томында әл-Фарабидің өмірбаяны мен еңбектеріне қатысты тың деректер бар. Атап айтатын болсақ, 1961 жылы жарық көрген Ақжан әл-Машанидың «Әл-Фараби еңбектері туралы» атты мақаласында әл-Фарабидің өмірбаяны бойынша келесідей мәліметтерді алға тартады: «Әбу Нәсір әл-Фараби 870 жылы Сырдария бойындағы Отырар қаласында туған. Әл-Фараби бастауыш мектепті өзі туған

шаһарда білім алды. Ол Иранда, Хорасанда болып, өзінің ана тілі – түркі тілімен қатар, парсы, хорасан тілдерін меңгерді. Ол 70 түрлі тіл білген деседі» (Машани, 2005:23).

Шығыстың дана ойшылы әл-Фараби ғылымының бірнеше саласымен астрономия, математика, медицина, ботаника, химия-минерология, философия, логика, тарих, музыкамен айналысқан. Ол ежелгі грек ғалымдарының, әсіресе Аристотельдің жазған Категория, Аналитика, Гермавтика, Софистика, Риторика, Поэтика, Логика, Метафизика, Этика тақырыптары бойынша талдау жасап, түсіндірме жазған ойшыл деп атап көрсетеді. Осыдан кейін, Әбу Нәсір әл-Фараби «бірінші ұстаз» Аристотельден кейінгі «екінші ұстаз» атанған болатын (Машани, 2005:23).

Тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың қолжазбалары жинақталған «Өгізханның қолтаңбасы» атты еңбектің 15-томында әл-Фараби еңбектерінің көбісі Бағдадта жазылғандығы жөнінде деректерді атайды. Сонымен қатар, әл-Фараби көптеген еңбектерін Бағдад, Мысыр және Дамаскіде жазды. Мәселен, ортағасыр ойшыл-ғұлама әл-Фараби әмірші Сайф аль-Даулаттың тапсыруы бойынша «Музыка туралы үлкен кітапты» Дамаскі қаласында аяқтады (Әл-Машани, 2010:210).

Фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің Түркиялық ғалым Ахмед Аташтың еңбегіне сүйене отыра, әл-Фарабидің еңбектерінің саны - 160, ал Штейншейдердің еңбегінде 103 әл-Фараби мұраларының саны – 103, шығыс ғалымдарының еңбектерінде – 128 деп көрсетеді (Әл-Машани, 2010:205).

Осы бағытта, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани Берлин, Лиссабон Париж, Каир, Мадрид шаһарларындағы Ғылым Ордаларына хат жазып, әл-Фараби мұраларын жинастырды (Машани, 2005:14). Мәселен, ғалым Ақжан әл-Машанидің 1960 жылы Қазақ КСР Ғылым Академиясының Тұңғыш Президенті Қаныш Сәтбаевқа жазған хатында әл-Фарабидің араб тіліндегі «Рисала фисус аль-Хаким («Ғылым маржаны»), «Рисала...аль-Мадина...аль-Фабила» («Қала үлгісі» атты) еңбектерін Лейденнен тапты. Нәтижесінде, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ортағасыр мұсылман реннесансының көрнекті өкілі әл-Фараби жеке тұлғасын жаза келе, оның нәсілі түркі екендігін көрсетті (ҒО ОҒК, 1962:1).

Ортағасырлық жазушы Ибн Халликанның әл-Фарабидің еңбегінде: «Әбу Нәсір әл-Фарабидің шығу тегі түркі. Оның туған жері туралы төменде көрсетіледі.

Әл-Фараби түркі мен араб тілінен өзге де тілдерді еркін меңгерді. Кейін, Әл-Фараби философия ғылымымен айналысты. Ол антика дәуірінің көрнекті өкілі Аристотельдің логика ғылымы бойынша сабақ берген Әбу Бәшир Мата ибн Йунус Хакимнен дәріс алады. Әл-Фараби аталған ғылым саласы бойынша орасан жетістіктерге қол жеткізеді. Әл-Фараби Харан қаласына жетіп, христиан Йюхан ибн Хайланнан философия, логика және өзге де ғылым салалары бойынша сабақ алады. Кейіннен, Әбу Нәсір әл-Фараби Аристотельдің еңбектеріне түсініктеме беріп, грек философының еңбектерін аударып, кеңінен ақпарат береді.

Табакат ал-Хукама Саи`да ибн Ахмад Құртубидің еңбегінде әл-Фараби туралы келесідей ақпараттарды ұсынады: «Мұсылман философы әл-Фараби логика ғылымын Йуханна ибн Хайланнан үйренеді. Кейіннен, әл-Фараби Дамаск, Египетке барып, «Сайясат аль-Мадина – «Қала саясаты» атты кітабын жазады. Бұл еңбекті Әл-Фараби Бағдад қаласында жазуды бастап Египетте аяқтады. Кейін Дамаск шаһарына келіп, әмірші Сейф Даула ибн Хамданның көптеген жиналыстарына қатысады» (Халликан I том, 1892: 76-78).

Ойшыл-ғалым Ибн Халликанның ортағасыр мұсылман реннесанысының көрнекті өкілі Әбу Нәсір әл-Фараби туралы келтірген ақпараттары туралы Ақжан әл-Машани «Әл-Фараби және музыка» 16-томында кеңінен атап өтеді. Яғни, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани шығыстың ортағасырлық ойшылы әл-Фарабидің өмірбаяны жөнінде мәліметтер қалдырған Абыл Қасым Ибн Сайд Ахмед Бин Қартабидің (1086-1166) дерегіне сүйене отырып, Аристотельдің логика ғылымын Абу Башир Матта ибн Иунстен үйренсе (Әл-Машани, 2010:24), ал Иухан Бин Хайланнан медицина ғылымын үйренгендігі жөнінде құнды ақпараттарды атап өтеді (Әл-Машани, 2010:209).

Ибн Халликан мәлімет соңында келесідей ақпараттарды ұсынады: «... Тархан (әл-Фарабидің атасы) атауының түркілерге тиесілі (араб тегіне қатысты емес). Фараби атауы Фараб қаласына байланысты, кейіннен Отырар деп аталынды. Бұл қала Шаш қаласының (жоғары) солтүстігінде орналасқан. Бұл мекен (Отырар) Баласағұн (провинция) аймағында» (Ибн Халликан I том, 1892:76-78).

Шығыстың дара ойшылы әл-Фарабидің шыққан тегі мен туған өлкесі бойынша тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидің 1970 жылы жарық көрген «Әл-Фараби» атты еңбегінде: «Отырар атты қоныс басында бірнеше қыстақтардан құралған аудан аты екен. Бертін келе, солардың орталық біреуі ғана Отырар-Фараб аталып, басқалары өзге айтқа ие болған. Орталық Отырар – Фараб мәдени кіндігі болғанда, оның айналасындағы қыстақтар оған көмекші қызметтер атқарған болуы керек. Қыстақтардың бізге белгілі аттары мыналар: Қараул төбе, Қорған-Уасиж, Гауһар-ана, Алтын төбе, Арыстанбап...» деп жазған. Әл-Машани аталған еңбегінде осы қыстақтардың ішінде Уасиж қорғаны ерекше орын алатындығын және Әбу Нәсірдің әкесі көп жылдар бойы осы қыстақты басқарғандығы туралы ақпараттарымен бөліседі (Машанов, 1970:16). Сонымен қатар, қорған-Уасиж туралы «Ғылым Ордасы» Орталық ғылыми кітапханасында сақтаулы тұрған Ақжан Машанидің қолжазбасында: «Әбунәсір Фарабидің туған жерін дәлденкіреп айтушылар Отырардың дәл орталық өзі емес, оның маңындағы Уазих» атты қорған еді деп келеді. Әл-Фарабидің толық есімінің ішіндегі Узлақ /Узлағ/ деп аталуы, бәлкі осы қоныс атауымен байланысты болуы да мүмкін» деп фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ғылыми болжам жасаған (ҒО ОҒК, 1962:2). Сондай-ақ, ғалымның «Әл-Фараби» атты еңбегінде ортағасырлық ойшылдың Уасиж қорғанында дүниеге келгендігін және осыған байланысты Әбу Нәсір әл-Фараби есімі кейде Уасиж деп көрсетеді (Машанов, 1970:16).

Сонымен қатар, Ақжан әл-Машани «Өгізханның қолтаңбасы» атты 16-томында әл-Фарабидің туған жері Оқсыз атауының этимологиясын түсіндіреді. Атап айтатын болсақ, Оқсыз - «Өгіз-оқсу-оқсус-өгізсу ағыс-өзен» деген түсініктерді ерте кездерде әрі егіз ретінде, әрі өзен ретінде қолданыста болғандығы жөнінде атайды. Яғни, Ақжан әл-Машани «Оқсыз» қалашығын «оғыз» атты тайпаның атауымен және тотемдік өгізден шыққан деген ғылыми жорамал жасайды (Әл-Машани, 2010:208). Бұл мәселеде Ақжан әл-Машанидің «Оқсыз» атауын «өгіз», «өгіз-су» ұғымдарымен байланыстыруының өзіндік себептері бар. Атап айтатын болсақ, фарабитанушы-ғалымның «Әл-Фараби» тарихи-деректі романында әл-Фарабидің туған жерін келесідей сипаттап көрсетеді: «Арыс өзенінің Сырға құйған жері жайдақ, жазық кең дала. Боз топырақты шөлейттеу шағыл келеді. Егерде анау екі өзеннің суы мол суын бұрып, жерді суармалыға айналдырса, ол ара бір тамаша нуға айналар еді. Арыстың иінінен тартылған бұқа арықтар қорғанға дейін созылған болар. Сол арықтың суы айналасы ат шаптырым жерге тарап, қалың нулы бау-бақшалы аудан болан. Осы араның ежелден бегілі қаласы Отырар аталады. Әсіресе, Ақжан әл-Машанидың қаламынан туындаған еңбектегі «Арыстың иінінен тартылған бұқа арықтар қорғанға дейін созылған болар» деген сөйлемге назар аударатын болсақ, Сырдария өзенінің Фараби аймағына жақын жерде болуын және өгіздердің кеңінен жайылғанын байқауымызға болады (Машанов, 1970:16). Осы ретте, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани аталмыш еңбегінде келесідей өлең-шумақтарымен көрсетеді:

«Сырдария, Яқсарт дария, Инжу дария,
Ертеден аты жақсы болған дария.
Ежелден оғуз елі мекен еткен.
Сондықтан Өгіздария дейді қария».

Сондай-ақ, тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани «Өгізханның қолтаңбасы» атты еңбегінде Отырар мен Түркістан маңын қыпшақтар, оғыздар, қаңлылар мекендегендігі жөнінде ақпараттарды береді. Кейіннен, бұл тайпалар қазақ хандығының құрылуына негіз болғандығы жөнінде атайды (Әл-Машани, 2010:204).

Осы ретте, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ортағасырлық ойшыл есімін және мирасын жинақтау мақсатында еліміздің бірнеше аймақтарына және шетелдерге сапар шегіп, хат жазып, баба мұрасын жинақтады. Осы ретте, музейдің негізін қалаушы А. Жұмашев «Ақжан Машанов - фарабитанушы» атты мақаласында Ақжан әл-Машанидің 1985 жылы Отырарға келіп, «Отырар мемлекеттік археологиясы қорық-музейінің» ғылыми қызметкерлерімен болған сұхбатынан былайша үзінді келтіреді: «Мен әл-Фараби мұрасын зерттеуді қолға алғанымда, 1958 жылы Қазақстанда ұлы ойшылдың бірде-бір еңбегі болмай шықты. Содан соң қасиетті Қаратау асып Түркістандағы Әзірет Сұлтанға келдім. Онда бабамның туған жері Отырарға келіп, Арыстанбаққа түнедім. Ертеңіне жаяу-жалпы Сырдың сол жағындағы Оқсызға барып, бір уыс топырақ алып, Темірден пойызға отырып, Ташкентке, әрі Қазанға кеттім.

Қазаннан әл-Фарабидің Мысырдың «Ніл» баспасынан шыққан «Ізгі қаланың тұрғындарының көзқарасы туралы» деген трактатын таптым. Екі дана екен» (Ақжан Машанов қоры, 2001:3).

Ақжан әл-Машани Фараби мұрасын іздестіруді еліміздің оңтүстік өңіріне сапарлаудан бастады. Осылайша, біз де ғалымның қаламынан туындаған «Әл-Фараби және Абай» атты еңбегімен таныса отырып, фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машани ізімен Фарабидің туған жері Түркістан облысының Отырар ауданына бардық. Осы жердегі «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің қызметкерлері Ж. Әбжаппар және Б. Тұрсынбаевпен бірге Маяқұм елді мекеніндегі Оқсыз қалашығына барып, керемет көріністердің куәгерлері болдық. Оны төмендегі фотосуреттерден көруге болады.



Сурет 8. Ізденуші А. Иманғалиев

Осылайша, ортағасырлық Оқсыз төбешігінен кейін аталған музей қызметкерлерімен бірге Фараби мен Машани мұралары бар «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейіне жетіп, әл-Фараби және әл-Машанидің эпистолярлық мұралармен танысуға мүмкіндік алдық. «Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің бас қор сақтаушысы Қанат Құдабай, музей қызметкерлері Жанболат Әбжаппар мен Бердібай Тұрсынбаев аталған музей қорындағы құнды жәдігерлер мен сирек мұралар туралы кеңінен таныстырды. Атап айтатын болсақ, 2006-2008 жылдары Қазақстандық делегаттардың Сирия сапарында әкелінген Әбу Насыр әл-Фарабидің «Ізгі қала тұрғындарының көзқарасы туралы трактат» атты қолжазбасы (Мысыр, 1325\1907), «Әл-Фарабидің логикасына Ибн Баджаттың түсіндірмелері» (араб тіл., 1994 ж.), Әбу Нәсір әл-Фарабидің «Музыка туралы үлкен кітап» екі томдығы (араб тіл., Каир, 1967 ж.) ортағасырлық ойшылдың логика ғылымында қолданған терминдер кітабы (араб тіл., Бейрут, 1986»), әл-Фарабидің «Саясат жайындағы рисала» (араб тіл., Дамаск, 2006), әл-Фараби туралы сыр шертетін мақалаларға толы газет-қиындылары, Ақжан Машанов, Мұзаффар Хайруллаев, Ауданбек Көбесов, Әбсаттар Дербісәлиев, Жақыпбек Алтаев, Айна Қабылова және өзге де фарабитанушы-ғалымдардың ғылыми мұралары сақтаулы («Руханият – Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің қорлар туралы каталог құжатынан алынды).

Қорытынды. Қолжазбалар және сирек кітаптар Ұлттық орталықтың қорындағы ортағасыр ғалым Ибн Халликанның «Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар» атты еңбегін тұңғыш фарабитанушы-ғалым Ақжан әл-Машанидың еңбектерімен салыстырмалы талдау жасау арқылы Әбу Нәсір әл-Фараби туралы бірнеше ақпараттарды ала аламыз. Әсіресе, Ибн Халликан еңбегінің екі томын зерттеу арқылы Әбу Нәсір әл-Фараби заманында өмірген бірнеше тұлғаларды білуімізге болады. Бұл одан әргі жасалатын ғылыми жұмыстардың бірі болып табылады.

Әдебиеттер тізімі

Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. Әл-Фараби және музыка. 16-том. 368 б.

Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. Ғалами мөр. 13-том. 320 б.

Әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Алатау» баспасы, 2010. Өгізханның қолтаңбасы. 15-том. 352 б.

әл-Машани Ақжан. Көп томдық шығармалар жинағы. Алматы: «Алматы-Болашақ баспасы, 2011. Тұран қақпасы. 392 б.

Ибн Халликан. «Вафиат ал-а'йан ва анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») еңбегінің 1-томы. (تایفوی نای عآل انبا ناکل خنای عآل اؤنتبث او عامس لاولقن لاب تبث ام نامزل اءانبا ءابن ا و نای عآل). Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы сирек қорынан алынды.

Ибн Халликан. «Вафиат ал-а'йан ва анба' абна' аз-заман» («Белгілі тұлғалардың некрологтары мен олардың замандастары туралы хабарлар») еңбегінің 2-томы. (تایفوی نای عآل انبا ناکل خنای عآل اؤنتبث او عامس لاولقن لاب تبث ام نامزل اءانبا ءابن ا و نای عآل). Қолжазбалар және сирек кітаптар ұлттық орталығы сирек қорынан алынды.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясының архиві (ҚР ҰҒАА), 98-қор, 1-тізімдеме 195-іс-құжаты, 197 б.

ҚР ҰҒАА, 98-қ., 1-т., 200-іс, 324 п.

ҚР ҰҒАА, 2-қ., 1а л/д-т., 1-іс, 62 п.

Машанов А. Әбунәср әл-Фараби. №1, 1962 / Машанов, Ақжан. 76 б./ Қор 1727. «Ғылым Ордасы» Орталық Ғылыми кітапхананың сирек қорынан алынды [in Kazakh].

Машанов А. Әл-Фараби және Абай. Алматы: Қазақстан, 1994. 192 б.

Машани А. Әл-Фараби және Абай. Т. 2. Алматы: «Алатау» баспасы, 2005, 296 бет.

Машани А. Әл-Фараби көпірі: Мақалалар, «Әл-Фараби» романы. Алматы: «Алатау» баспасы, 2005. 352 б.

Машанов А.Ж. Шындық іздеген заман жетті. // Зерде. 1994. №5. 42 б.

Машанов А.Ж. Әл-Фараби: тарихи-деректі кітап / Алматы: «Жазушы» баспасы, 1970. 244 б.

Неизвестные страницы отечественного востоковедения. М.: Издательская фирма «Восточная литература» РАН, 1997. 392 с.

Оразалықызы Г. Шахмардан Есенов: Алматы: «Қазақстан», 2012. 376 б.

«Руханият-Әбу Нәсір әл-Фараби» музейінің «Ақжан Машанов» қорынан алынды.

Фараби ғибратты ғалым: Фарабитанушы А.Ж. әл-Машаниге арналады / Құраст. Ш.Абдраман. Алматы, 2006. 397 б.

Энциклопедический словарь. Том XII. Издатели: Ф.А. Брокгауз (Лейпциг), И.А. Ефрон (С-Петербург). Типо-литография И.А. Ефрона, № 6. 1894.

Nicholas Rescher. Al-Farabi an annotated bibliography = Аннотированный указатель аль-Фараби / Nicholas Rescher. England: University of Pittsburgh Press, 1962. 54 p. Фотокопия.

References

Al-Mashani Aqjan. Köp tomdyq shyğarmalar jinaғы. Äl-Farabi jäne muzyka. 16-t. (Al-Farabi and music) // Almaty: «Alatau» baspasy, 16-t., 2010. 368 b. [in Kazakh]

Al-Mashani Aqjan. Köp tomdyq shyğarmalar jinaғы. Ögiz hannyn qoltanbasy. 15-t. (The subscription of bull) // Almaty: «Alatau» baspasy, 15-t., 2010. 352 b. [in Kazakh].

Al-Mashani Aqjan. Köp tomdyq shyğarmalar jinaғы. Ğalami mor. 13-t. // Almaty: «Alatau» baspasy, 13-t., 2010. 320 b. [in Kazakh]

Al-Mashani Aqjan. Köp tomdyq shyğarmalar jinaғы. Tūran kakpasy. 14-t. (Gate of Turan) // Almaty: «Alatau» baspasy, 14-t., 2011. 392 b. [in Kazakh]

Ibn Hallikan. «Vafiat al-a'ianvaanba' abna' az-zaman» («Belgili tūlgaldyn nekrologtary men olardyn zamandastary turaly habarlar») enbegining 1-tomy (Wafayāt al-A yānwa-Anbā Abnā az-Zamān (Deaths of Eminent Men and History of the Sons of the Epoch). (تایفوی نای عآل انبا ناکل خنای عآل اؤنتبث او عامس لاولقن لاب تبث ام نامزل اءانبا ءابن ا و نای عآل). Koljzabalar jane sirek kitaptar ulttyk ortalygy sirek korynan alyndy.

Ibn Hallikan. «Vafiat al-a'ianvaanba' abna' az-zaman» («Belgili tūlgaldyn nekrologtary men olardyn zamandastary turaly habarlar») enbeginin 2-tomy (Wafayāt al-A yānwa-Anbā Abnā az-Zamān (Deaths of Eminent Men and History of the Sons of the Epoch). (تایفوی نای عآل انبا ناکل خنای عآل اؤنتبث او عامس لاولقن لاب تبث ام نامزل اءانبا ءابن ا و نای عآل). Koljzabalar jane sirek kitaptar ulttyk ortalygy sirek korynan alyndy.

Kazakhstan Respublikasy Ulttyk Gylym Akademiiasynyng arhivi (KR UGAA), 98-k., 1-t., 195-is, 197 p.

KR UGAA, 98-k., 1-t., 200- is, 324 p.

KR UGAA, 2-k., 1a l/d -t., 1- is, 62 p.

Mashanov A.J. Shyndyq izdegen zaman jetti (It's time to look for the truth) // Zerde. 1994. №5. 42 b. [in Kazakh]

Mashanov A. Ābunāsr al-Farabi. №1, 1962. / Mashanov, Aqjan. 76 b. / Kor 1727. «Gylym Ordasy» Ortalyq Ğylymi kitaphananyng sirek qorynan alyndy (Taken from the rare foundation of the Central Scientific library «Gylym Ordasy»). №17 76 b. / Fund 1727) [in Kazakh].

Mashanov A.J. Al-Farabi jane Abai (Al-Farabi and Abai) // Almaty: Kazakstan, 1994. 192 b. [in Kazakh]

Mashanov A.J. Al-Farabi: tarihi-derektikitap (Al-Farabi: book of historical and source) // Almaty: «Zhazushi» baspasy, 1970. 244 b. [in Kazakh].

Mashanov A.J. Al-Farabi jane Abai. T.2. (Al-Farabi and Abai) // Almaty: Kazakstan, 2005. 296 b. [in Kazakh].

Neizvestnye stranisy otechestvennogo vostokovedeniya (The unknown pages of domestic oriental studies). M.: Izdatelskaya firma «Vostochnaya literatura» RAN, 1997. 392 c.: il. [in Russian].

Orazalyqyzy G. Şahmardan Esenov (Shahmardan Esenov) // Almaty: «Qazaqstan», 2012. 376 b. [in Kazakh].

«Ruhaniyat-Abu Nasir al-Farabi» muzeiining «AqjanMashanov» qorynan alyndy (Taken from the fund of «AkzhanMashanov» of museum of «The Spirituality – Abu Nasir al-Farabi»). [in Kazakh].

Farabi gibratty galym: Farabitanushy A.J. al-Mashanige arnalady (The Farabi educational researcher. Dedicated to the pharabiologist A. Mashani) / Kurast. Sh. Abdraman. Almaty, 2006. 397 b. [in Kazakh].

Ensilopedicheski slovar (Dictionary of encyclopedical). Tom XII. Izdateli: F.A. Brokgauz (Leipsig), I.A. Efron (S-Peterburg). Tipo-litografiya I.A. Efrona, № 6. 1894. [in Russian].

Nicholas Rescher. Al-Farabi an annotated bibliography = Аннотированный указатель аль-Фараби / Nicholas Rescher. England: University of Pittsburgh Press, 1962. 54 c. Фотокопия [in English].

GTAMP 03.81.37

DOI 10.51943/1814-6961_2021_2_16

«ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР

Ғалия Қамбарбекова^{1*}



¹Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

*Автор-корреспондент

E-mail: qazigurt2016@gmail.com; kazalem@mail.ru

Түйіндеме. Мақалада XVI-ғасырдың соңы XVII-ғасырдың басында жазылған бұрындары отандық зерттеушілер тарапынан арнайы зерттелмеген парсы тіліндегі дереккөз қарастырылады. Бұл дереккөзде Қазақ хандығына қатысты мәліметтер кездеседі. Мақаланың басты мақсаты парсы тіліндегі түпнұсқа дереккөзді зерттеу және ішіндегі Қазақ хандығына қатысты мәліметтерді анықтау, талдау және ғылыми айналымға енгізу. Бұл зерттеуде автор тікелей парсы тіліндегі дереккөзбен жұмыс жасайды және деректану саласының әдістерін қолданады. Сонымен қатар, дереккөздегі мәліметтердің тарихилығын анықтау үшін қарастырылып отырған дәуірде жазылған басқа да танымал дереккөзбен салыстыра отырып талдайды. Зерттеу нәтижесінде белгілі бір тарихи кезеңде бірнеше тарихи шығарманы жазу дәстүрі болғандығына назар аударады. Бір кезде жазылған екі түрлі шығарманың баяндау әдісіндегі айырмашылықтар мен ұқсастықтарды талдап, екі дереккөздің бірін-бірі толықтыратынын, бірақ айырмашылықтары да болатынын нақты мысалдармен атап көрсетеді. Мақаланы қорытындылай келе бұрындары арнайы зерттелмеген дереккөзді ғылыми айналымға бұрындары енгізілген мәліметтермен салыстырады және Қазақ хандығы тарихы туралы бұрын белгісіз болған фактілерді анықтайды.

Түйін сөздер: парсы дереккөздері, Сефевилер әулеті, Қазақ хандығы, Тарих-и Аббаси, Тарих-и Алам ара-йи Аббаси, Молла Жәлал.

**МАЗМҰНЫ
СОДЕРЖАНИЕ
CONTENTS**

**ДЕРЕКТАНУ ЖӘНЕ ТАРИХНАМА
ИСТОЧНИКОВЕДЕНИЕ И ИСТОРИОГРАФИЯ
SOURCE STUDING AND HISTORIOGRAPHY**

Имангалиев А., Дүкенбаева З. ИБН ХАЛЛИКАН ЖӘНЕ АҚЖАН ӘЛ-МАШАНИДІҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ӘЛ-ФАРАБИ.....	5
Қамбарбекова Ғ.Ә. «ТАРИХ-И АББАСИ» («РУЗНАМА-ЙЕ МОЛЛА ЖӘЛАЛ») ШЫҒАРМАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫНА ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕР.....	16
Байдильдина Феллан С.Х., Раджапов А.У. «БІРЛІК ТУЫ» – ТҮРКІСТАН ӨЛКЕСІ БОЙЫНША ҚҰНДЫ ТАРИХИ ДЕРЕККӨЗ РЕТІНДЕ.....	29
Карамендина М.Ө. ҚЫРҒЫЗ-ҚАЗАҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНЫҢ ТАРИХНАМАСЫ.....	40

**ОРТА ҒАСЫРЛАР ТАРИХЫ
СРЕДНЕВЕКОВАЯ ИСТОРИЯ
MEDIEVAL HISTORY**

Атыгаев Н.А. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН В XV – НАЧАЛЕ XVI В.....	57
--	----

**ЖАҢА ЗАМАН ТАРИХЫ
НОВАЯ ИСТОРИЯ
NEW HISTORY**

Абдулина А.Т. К ПРАКТИКЕ МИССИОНЕРСКОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ РУССКОЙ ПРАВОСЛАВНОЙ ЦЕРКВИ В СЕМИРЕЧЬЕ.....	66
---	----

**КЕҢЕС ДӘУІРІ ТАРИХЫ
ИСТОРИЯ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА
SOVIET PERIOD HISTORY**

Бәкір Ә.Қ., Тайман С. МҰСТАФА ШОҚАЙ ТӘУЕЛСІЗ ҰЛТТЫҚ МЕМЛЕКЕТ ТУРАЛЫ.....	80
Санъязов Е. АЛАШ ҚАЙРАТКЕРЛЕРІНІҢ ЖЕР МӘСЕЛЕСІН РЕТТЕУДЕГІ ҚЫЗМЕТІ (СЕМЕЙ ӨҢІРІ МЫСАЛЫНДА).....	92
Көкебаева Г.К. КЕҢЕС-ГЕРМАН МАЙДАНЫНДАҒЫ СОҒЫС ТҮТҚЫНДАРЫНЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ СТАТУСЫН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІ.....	101

Касымова Д.Б., Қудайбергеноулы Б.
 НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ ВОПРОСОВ ЯЗЫКОВОЙ
 ПОЛИТИКИ В ПОСЛЕВОЕННОЕ ВРЕМЯ И ПОЗИЦИЯ
 РУКОВОДСТВА КАЗАХСКОЙ ССР.....114

Аминов Т., Талгатбеков А.
 ЖУМАБАЙ ШАЯХМЕТОВ – ВЫДАЮЩИЙСЯ
 КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ И ОБЩЕСТВЕННЫЙ ДЕЯТЕЛЬ.....127

Бекмагамбетов Р.К., Бекмагамбетова М.Ж.
 СОВЕТСКОЕ ДЕТСТВО КАЗАХСТАНА В 60-Е ГОДЫ XX ВЕКА
 (ПО МАТЕРИАЛАМ ГАЗЕТЫ «КАЗАХСТАНСКАЯ ПРАВДА»).....142

**Шашаев Ә.Қ., Зикирбаева В.С.,
 Мурзаходжаев Қ.М., Мрзабаева Р.Ж.**
 ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АЛҒАШҚЫ ҚОҒАМДЫҚ
 ҰЙЫМДАРДЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ.....157

**ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ
 ИСТОРИЯ НЕЗАВИСИМОГО КАЗАХСТАНА
 INDEPENDENT KAZAKHSTAN HISTORY**

Kassymova D., Litvin D.
 UKRAINIAN ETHNO-CULTURAL CENTERS IN ALMATY CITY AND
 ALMATINSKAYA OBLAST: CURRENT SITUATION AND CHALLENGES.....170

**ДҮНИЕЖҮЗІ ТАРИХЫ
 ВСЕМИРНАЯ ИСТОРИЯ
 HISTORY OF THE WORLD**

Каримова З.К., Меделбай А.А.
 ТҮРКІЯНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ЖҰМСАҚ КҮШ»
 САЯСАТЫН ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН ӘДІСТЕРІ.....179

Ahmet Burçin Yereli, G. Мовкебаева, А.К. Toguzbayeva
 SOME PROBLEMATIC ASPECTS OF THE CUSTOMS
 AND LOGISTICS SPHERE OF THE EURASIAN ECONOMIC UNION.....188